

6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы  
бойынша PhD докторанты  
Шаймбетов Жангелді Мырзагелдіұлына  
**МІНЕЗДЕМЕ**

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының PhD докторанты Шаймбетов Жангелді Мырзагелдіұлы, 1989 жылы туған, 2012 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің жалпы медицина факультетін бітірді, 2014 жылы хирургия бойынша интернатурадан өтті.


2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін «Жалпы медицина» мамандығы бойынша магистратурада білім алды. Магистратурада оқып жүрген кезінде магистрант Шаймбетов Ж.М. оқу және зерттеу бағдарламасының барлық кредиттерін орындады, диссертация тақырыбы бойынша 1 мақала және 2 тезис жарияланды.

2014 жылдан 2018 жылға дейін қалыпты физиология кафедрасында оқытушы болып жұмыс жасады. 2016 жылдан бастап қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша PhD докторантурада білім алады. Докторантурада оқыған кезінде Шаймбетов Ж.М. өзін жақсы жағынан көрсете білді. Ғылыми және зерттеу тәжірибесінен өту барысында ол орындалған жұмыстарға мұқият және жауапкершілікпен қарай отырып, бірнеше мәрте баға жетпес көмек көрсетті.

2017 жылдың қазан айында Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті (Грузия, Батуми). Диссертация тақырыбы бойынша 10 жұмыс жарияланды, оның ішінде Scopus ақпараттық базасында индекстелген журналдарда - 1: Georgian Medical News журналында (2018), ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда - 3, халықаралық ғылыми конференциялардың және әдістемелік ұсынымдардың материалдарында - 5.

Қызметтік міндеттер мен қоғамдық тапсырмаларды сапалы орындайды. Жұмыс барысында атқарушы, ұқыпты. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасында қадірлі, сыйлы. Кафедра жұмысы мен университет шараларына белсенді қатысады.

Кәсіби аурулар мен  
гигиеналық пәндер  
кафедрасының жетекшісі,  
М.Ғ.К., доценті



Сабырахметова В.М.

